

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Нөмірленген және таңбаланған тізімдер

ЖАРИЯЛАНДЫ  
05.02.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/29534/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Есқуатова Ақторғын Ғалиқызы****Класы: 6****Сабақтың тақырыбы:** Нөмірленген және таңбаланған тізімдер**Сабақтың мақсаты:****Білімділік:** Оқушыларды Ms Word мәтіндік редакторында нөмірленген және таңбаланған тізімдер ұғымымен таныстыру, мәтінді пішімдей білуге үйрету;**Тәрбиелік:** Оқушыларды іскерлікке, шапшаңдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу;**Дамытушылық:** Оқушылардың теориялық түрде алған білімдерін практикада еркін қолдану дағдыларын дамыту.**Сабақтың түрі:** Аралас сабақ;**Сабақтың әдісі:** Түсіндіру, сұрақ-жауап, практикалық жұмыс;**Сабақтың көрнекілігі:** Үлестірме қималар, мәтіндер;**Сабақтың құрал-жабдығы:** Компьютер, интерактивті тақта;**Сабақтың барысы:****I. Ұйымдастыру бөлімі**

— оқушылармен сәлемдесу;

— оқушыларды түгендеу;

— оқушылардың назарын сабаққа аудару.

## II. Үй тапсырмасын тексеру

Оқушыларға «Шегініс. Интервалдар» тақырыбы берілді.

«Кім тапқыр?» сайысы

### «10 ұпай»

1. Информатика қандай ғылым?
2. Ақпарат дегеніміз не?
3. Мәтіндік процессор дегеніміз не?

### «20 ұпай»

1. Мәтін теру ережелері?
  2. Ms Word мәтіндік редакторын іске қосу алгоритмі
  3. Ms Word мәтіндік редакторының интерфейсі?

### «30 ұпай»

1. Абзац дегеніміз не?
2. Жоларалық интервал дегеніміз не?
3. Қаріптер топтамасындағы **Ж, К, Ч** қандай батырмалар?

### «40 ұпай»

1. Құжатты бірінші рет сақтау үшін қандай әрекеттер орындалады?
2. Тақырып жолында не көрсетіледі?
3. Мәтін бөліктерімен жұмыс істеу үшін алдымен ...

### «50 ұпай»

1. Жоларалық интервал туралау үшін қандай команда орындалады?
2. Шегініс дегеніміз не?
3. Көлденең сызғыштың көмегімен қандай шегініс қойылады?

## III. Жаңа сабақ

1. Жаңа сабақты сұрақтар қою арқылы ашып алу;
2. Теориялық материалды түсіндіру: «Нөмірленген және таңбаланған тізімдер»

Нөмірленген тізім – бұл нөмірленген абзацтар қатары.

Маркерленген тізім – әрбір пункті бірдей маркерлермен белгіленген абзацтар.

### **Маркерленген тізім құру үшін келесі әрекеттер орындалады:**

1. Негізгі қосымша бетіндегі Абзац тобынан Маркерлер командасын таңда;
2. Маркерленген тізім үлгісінде ұсынылған жеті маркердің ішінен бірін таңда;
3. Жаңа маркерді анықтау терезесінен Жаңа маркерді анықтау пункті арқылы маркерді өзгерте аламыз;
4. Маркердің және Мәтіннің орналасуын сызғызтағы маркермен туралауға болады.

Маркерленген тізімді жасау кезінде маркердің әр түрлі түрін таңдауға болады. **Маркерлер**батырмасынаң қасында орналасқан, төменге бағытталған бағыттауышқа шертіп, жиі қолданылатын сегіз маркердің бірін таңдауға болады. Одан басқа өзіңіздің маркеріңіздің типін құруға болады.

## **IV. Сергіту сәті**

### **«Атомдар мен молекулалар»**

Жүргізуші «атомдар» деген кезде ойыншылар жеке дара жүреді де, «молекулалар, бесеуден» немесе «молекулалар, үшеуден» деген кезде, бес немесе үш адамнан тез арада топтасады. Кім топқа қосыла алмай қалса, айып төлейді: өз өнерін көрсетеді немесе көпшіліктің тілегін орындайды.

### **1. Практикалық бөлім**

### **А деңгейі**

1. Тізімдердің мүмкіндіктерін пайдаланып, мәтінді үлгі бойынша теріңдер.
2. Мәтінді 1 санымен белгіленген бірінші тізімнен құжаттың аяғына ауыстырыңдар.

### **В деңгейі**

1. Тізімдердің 2 түрін дайындаңдар: маркеленген, нөмерленген.

### **С деңгейі**

Үлгі бойынша мәтін құрындар:

Маркердің символы: нүкте

- Маркердің орналасуы: ,06

- Мәтіннің орналасуы: 1,1

4. Келесі параметрлерді орнатып, ішкі тізімнің безендіруін өзгертіңдер:

- Маркердің символы: жұлдызша

- Маркердің орналасуы: 1,0

Мәтіннің орналасуы: 1,8

## **VI. Сабақты қорытындылау**

1. Тізім деп нені түсінесіңдер?
2. Тізім түрлерін атаңдар. Сендер бұл тізім түрлерінің қайсысымен бұрыннан таныс едіңдер?
3. Маркерленген тізімдердегі маркердің түрін қалай өзгертеміз?
4. Нөмірленген тізімді баптауға болама?

## **VII. Кері байланыс**

## VIII. Бағалау

## IX. Үйге тапсырма

- 4.8. Нөмірленген және маркерленген тізімдер

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.